

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту
министрлігіҚазақстан Республикасы Оқу-
ағарту министрінің м.а. 2024
жылғы 25 шілдедегі № 192
бұйрығы. Қазақстан
Республикасының Әділет
министрлігінде 2024 жылғы 26
шілдеде № 34817 болып тіркелді

Министерство просвещения Республики Казахстан

**«Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы
қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы
№ 506 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

БҰЙЫРАМЫН:

1. «Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы № 506 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 31180 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Баланы жәбірлеудің (буллингтің) профилактикасы қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«1) баланы жәбірлеу (буллинг) – қорлау сипатындағы жүйелі (екі және одан көп) әрекеттер, қудалау және (немесе) қорқыту, оның ішінде қандай да бір әрекетті жасауға немесе жасаудан бас тартуға мәжбүрлеуге бағытталған әрекеттер, сол сияқты жария түрде немесе масс-медиа және (немесе) телекоммуникация желілері және (немесе) онлайн-платформалар пайдаланыла отырып жасалған дәл сол әрекеттер (кибербуллинг);».

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2024 жылғы 25 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін
атқарушы**

**Н.
Жумадильдаева**

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
қорғау министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі